ХАТТАМА № 1

«Балапан» шағын орталығының кеңес беру пункті

«Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды анықтау және шақыру»

Күні: «14» 09 2026 жыл

Өткізілген орны: «Балапан» шағын орталығы

Қатысқан ата аналар саны:2

Қатыспағандар:1

Күн тәртібі:

- Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды анықтау жолдары.
- Отбасыларды кеңес беру пунктінің жұмысына шақыру және ақпараттандыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

Тәрбиеші мектепке дейінгі ұйымға бармайтын балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларды анықтау, олармен байланыс орнату және кеңес беру пунктінің қызметін таныстыру жолдары туралы баяндады. Ата-аналарға көрсетілетін педагогикалық көмектің бағыттары түсіндірілді.

ТАЛҚЫЛАНДЫ:

Қатысушылар отбасылармен байланыс орнатудың тиімді жолдарын талқылады. Ата-аналарға ақпаратты қолжетімді түрде жеткізу, жеке мәліметтердің құпиялылығын сақтау және әр отбасының сұранысын ескеру қажеттігі айтылды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Мектепке дейінгі жастағы балалардың отбасыларын анықтау жұмыстарын жүйелі жүргізу.
2. Кеңес беру пунктінің қызметі туралы ақпараттық хабарландыру мен жадынама тарату.
3. Ата-аналардың өтініштері мен сұраныстарын тіркеу журналын жүргізу.
4. Отбасыларға қажеттілігіне қарай жеке және топтық кеңестер ұйымдастыру.

Төраға (мектеп басшысы): _____

Хатшы (жауапты маман): тәрбиеші Мұсафық М.Р. Мүгед

ХАТТАМА № 2

«Балапан» шағын орталығының кеңес беру пункті

«Мектепке дейінгі баланың психологиялық дайындығы»

Күні: «07» 10 2026 жыл

Өткізілген орны: «Балапан» шағын орталығы

Қатысқандар: 3

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі:

- Мектепке дейінгі баланың психологиялық дайындығы туралы түсінік.
- Баланың мектепке бейімделуіне ата-ананың қолдауы.

ТЫҢДАЛДЫ:

Тәрбиеші мектепке психологиялық дайындықтың мәнін түсіндірді. Дайындықтың эмоционалдық, әлеуметтік, танымдық және еріктік қырлары туралы ақпарат берілді. Баланың мектепке дайындығы тек оқу-жазу дағдыларымен өлшенбейтіні атап өтілді.

ТАЛҚЫЛАНДЫ:

Ата-аналар баланың мектепке бару алдындағы қобалжуы, өздігінен әрекет етуі, құрдастарымен қарым-қатынасы және күн тәртібі туралы пікір алмасты. Баланы қорқытпай, қолдап, жетістігін мадақтаудың маңыздылығы талқыланды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Үй жағдайында баланың дербестігін дамытуға көңіл бөлу.
2. Күнделікті кітап оқу, әңгімелесу және дамытушы ойындарды ұйымдастыру.
3. Баланың мектеп туралы сұрақтарына сабырмен жауап беріп, жағымды көзқарас қалыптастыру.
4. Қажет болған жағдайда педагог-психологтың кеңесіне жүгіну.

Төраға (мектеп басшысы): _____

Хатшы (жауапты маман): тәрбиеші Мұсабек М.Р.

ХАТТАМА № 3

«Балапан» шағын орталығының кеңес беру пункті

«Біз балалармен қалай сөйлесеміз?»

Күні: «09» 11 2026 жыл

Өткізілген орны:

Қатысқандар: 2

Қатыспағандар:1

Күн тәртібі:

- Ата-ананың баламен қарым-қатынас жасау ерекшеліктері.
- Баламен сөйлесуде белсенді тыңдау және қолдау сөздерін қолдану.

ТЫҢДАЛДЫ:

Тәрбиеші баламен сөйлесудің оның эмоционалдық жағдайына, сөйлеуіне және өзіне деген сеніміне әсері туралы баяндады. Белсенді тыңдау, ашық сұрақ қою, баланың сезімін мойындау және қолдау сөздерін қолдану тәсілдері таныстырылды.

ТАЛҚЫЛАНДЫ:

Қатысушылар күнделікті өмірде кездесетін қарым-қатынас жағдайларын талқылады. Баланы ұрысу, кемсіту және басқа балалармен салыстырудың орнына сабырлы түсіндіру мен мадақтауды қолдану ұсынылды.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Баламен күн сайын ашық әңгімелесуге уақыт бөлу.
2. Баланың сөзін бөлмей тыңдап, сезімін құрметтеу.
3. Отбасында жылы сөздер мен қолдау сөздерін жиі қолдану.
4. Келіспеушілік кезінде айқайламай, мәселені сабырмен түсіндіру.
5. Ата-аналарға тиімді қарым-қатынас туралы жадынама ұсыну.

Төраға (мектеп басшысы): _____

Хатшы (жауапты маман): тәрбиеші Мусабек М.Р. Мусаб